

*Ж.Н. Алиева , А.Б. Қалиева, А.С. Ақтымбаева , М.А. Сақыпбек

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан, *e-mail: azhn99@mail.ru

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АУМАҒЫНДА ЭКОТУРИЗМДІ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа. Ұлы Жібек жолы – ежелгі заманнан Батыс пен Шығысты байланыстыратын магистраль. Ол әлемдегі ең үздік брендтердің бірі. Ұлы Жібек жолының қазақстандық аумағы тарихи, археологиялық, сәулет, қала құрылысы және монументалды өнер ескерткіштерінің бірегей кешені болып табылады. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолының бағыттары экологиялық туризм бойынша сұранысқа ие. Экотуризм табиғатты сақтауға ықпал етіп, әлемде кеңінен танымал болып келеді. Қазақстан арқылы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трансконтиненталдық жол торабы өтеді. Бұл автожол Ұлы Жібек Жолының ерекше табиғатын көріп, терең тарихын түсінуге мүмкіндік береді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда экотуризмді дамыту мүмкіндігі жоғары және тарихи және мәдени мұра аумақтарында рекреациялық ресурстарды шоғырландырудың маңызы зор. Мақалада экологиялық туризмнің теориялық негіздері, Ұлы Жібек жолының қазақстандық аумағында оны ұйымдастыру мүмкіндіктері қарастырылды. Даму артықшылықтары талдана отыра, жіктелісі әзірленіп және Ұлы Жібек жолында экологиялық туризмнің дамуына SWOT-талдау жасалынды. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолының қазақстандық аумағында экологиялық туризмді дамыту перспективалары анықталды. Stopover арқылы экотуризмді ұйымдастыру мүмкіндіктері, атап айтқанда «Stopover Holidays» бағдарламасы арқылы қарастырылды.

Түйін сөздер: туризм, экологиялық туризм, экотуризм, ұлттық парктар, Жібек жолы, ландшафттар, табиғи ескерткіштер.

Zh.N. Aliyeva*, A.B. Kaliyeva, A.S. Aktymbayeva, M.A. Sakypbek

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, *e-mail: azhn99@mail.ru

The prospect of developing ecotourism in the Kazakhstan area of the Great Silk Road

Abstract. The Great Silk Road – a highway that since ancient times connects the West and East, is now becoming increasingly important. It is one of the best brands in the world. Kazakhstan section of the great Silk Road is a unique complex of monuments of history, archeology, architecture, urban planning, and monumental art. But at the same time, the crossroads of the great Silk Road are the most popular routes and eco-tourism too. Ecotourism contributes to the conservation of nature and is becoming increasingly popular in the world. The transcontinental highway «Western Europe-Western China» passes through Kazakhstan, which opens the opportunity to touch the richness of nature and wisdom of the history of the Great Silk Road. The particular importance of the development of ecological tourism in specially protected natural areas, the concentration of recreational resources in places of historical and cultural heritage is acquiring. The article discusses the theoretical foundations of eco-tourism, the possibility of its organization in the Kazakh section of the Great Silk Road. The advantages of its development are analyzed, the classification is developed and the SWOT-analysis of development of ecological tourism on the Great Silk Road is made. At the same time, the prospects of the development of ecological tourism on the Kazakhstan section of the Great Silk Road are defined. The possibilities of organizing eco-tourism through Stopover are also considered, in particular through the «Stopover Holidays» program.

Key words: tourism, ecotourism, types of tourism, national parks, Silk Road, landscapes, natural monuments.

Ж.Н. Алиева*, А.Б. Қалиева, А.С. Ақтымбаева, М.А. Сақыпбек

Казахский национальный университет им аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, *e-mail: azhn99@mail.ru

Перспективы развития экологического туризма на казахстанском участке Великого Шелкового пути

Аннотация. Великий Шелковый путь – это магистраль, издревле соединяющая Запад и Восток, всё больше приобретающая значимость в настоящее время. Он один из лучших брендов мирового уровня. Казахстанский участок Шелкового пути представляет собой уникальный комплекс памятников истории, археологии, архитектуры и монументального искусства. Но,

вместе с тем, перекрестки Великого Шелкового пути являются самыми востребованными маршрутами для экологического туризма. Экотуризм способствует сохранению природы и становится все более популярным в мире. Через Казахстан проходит трансконтинентальная автотрасса «Западная Европа – Западный Китай», которая открывает возможность прикоснуться к богатству природы и мудрости истории Великого Шелкового пути. На особо охраняемых природных территориях с высоким потенциалом развития экотуризма имеет большое значение сосредоточение рекреационных ресурсов в местах исторического и культурного наследия. В статье рассматриваются теоретические основы экологического туризма, возможности его организации на казахстанской территории Великого Шелкового пути. Анализируя преимущества его развития, разработана классификация и проведен SWOT-анализ развития экологического туризма на Великом Шелковом пути. Кроме того, определены перспективы развития экологического туризма на казахстанской территории Великого Шелкового пути. Также рассматриваются возможности организации экотуризма посредством Stopover, в частности с помощью программы «Stopover Holidays».

Ключевые слова: туризм, экологический туризм, экотуризм, национальные парки, Шелковый путь, ландшафты, природные памятники.

Кіріспе

Ұлы Жібек жолы адамзат өркениетінің бірегей тарихи ескерткіші болып табылады. Ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолы ежелгі керуен жолындағы сауда Еуразияның Шығыс және Батыс елдері экономикасы мен мәдениетінің дамуына ықпал етті. Қазіргі таңда туризм сауда мен бизнесті дамыта отырып, халықтар арасындағы өзара түсіністік пен бейбітшілікке ықпал етіп, мәдени бағытта байланыстырады. Жібек жолы 33 елдің арасында көпжақты байланыстар орнатуға ықпал етеді. Жібек жолы қазіргі таңда өсіп-өркендеу, қарқынды даму және бейімделу үшін барлық қажетті мүмкіндіктерге ие. Осы жағдайды ескере отыра, Жібек жолы бойында туризмді қарқынды дамытуға болады.

Жібек Жолы Қазақстанның белгілі аумақтарын кесіп өтеді. Негізгі туристік нысандары мен ресурстары Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда жинақталған, соның ішінде Түркістан, Тараз және Алматы ерекше маңызға ие (Байпаков, 2007). Жібек жолы трассасының Қазақстандық аумағы Орталық Азия халықтарының көшпелі және отырықшы-егіншілік мәдениетінің өзара іс-қимылының терең процестерін бейнелейтін тарих, археология, сәулет, қала құрылысы және монументалдық өнер ескерткіштерінің бірегей кешені болып табылады. Осы аралықтарда экологиялық туризмді дамыту мүмкіндіктері жоғары болып табылады. UNWTO болжамдарына сәйкес, келесі екі онжылдықта әлемде экотуризм қарқынды қарқынмен өсетін болады, ал экотуризмге арналған шығыстар тұтастай алғанда туризмнің барлық индустриясына қарағанда жоғары қарқынмен өсетін болады. Сондықтан оны Қазақстан аумағында дамытудың маңызы зор болып табылады.

Отандық және шетелдік авторлар экотуризмге әр түрлі анықтама береді. Экотуризм ұғымы әлемде ешкімнің аяғы баспаған, пайдаланылмаған жерді ғана білдірмейді. Қазіргі кезде бұл ұғым әлем бойынша кең ауқымды қамтып отыр. Ол деп отырғанымыз, экотуризмнің мақсат міндеттерімен анықталады: табиғатпен бірге болу, оны терең маңызын ұғына отыра, қорғау қажеттілігін түсіну. Сондықтан экологиялық туризмді адамзаттың «ашық» ортада болуымен сипаттайды. Экологиялық туризмді басқа туризм түрлерінен айырмашылық жасай отыра, айқындайтыны – табиғат аясында бекітілген тәртіпке бағына алу, табиғат ресурстарын шектеуден тыс ластаудан қорғап, экотуризм дамуының негізгі шартын бұзбау, яғни табиғи ресурстардың деградациясын болдырмау.

Экотуризм туризмнің негізгі бағыты болып табылатындықтан, жалпы туризмнің жағдайының тұрақты дамуының және табиғи ресурстар мен мәдени ресурстарды қолданудың экологиялық бағытта қауіпсіз әдісі деп қабылдауға болады. Сондықтан, Жібек жолы бойында экотуризмді дамыту аса өзекті болып табылады.

Экотуризмнің негізгі ресурстары:

– *табиғи-климаттық*: жер бедері, су объектілері, флора және фауна, ерекше және қызықты табиғи аймақтар;

– *тарихи-мәдени ескерткіштер*: белгілі бір аймақ аумағында материалдық және рухани мәдени ескерткіштер, айналадағы ортамен тығыз байланысты тарихи, археологиялық ескерткіштер.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, экологиялық туризмді дамыту ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (ЕҚТА) ерекше жүзеге асырылады.

Қазақстанда экологиялық туризмді дамыту, жалпы туризмді дамытуда маңызды рөл

атқарады. Экологиялық туризмді экономиканың табыс көзі ретінде және экологияның қауіпсіз саласы ретінде қарап және дамытатын болсақ, экотуризм Қазақстанда туризмнің дамыған маңызды элементі болуы мүмкін.

Қолданылған деректер мен зерттеу әдістері

Экотуризм – бұл экожүйелердің тұтастығын бұзбайтын жергілікті мәдениет пен табиғи ортаны терең түсіну мақсатында табиғи аумақтарға мақсатты саяхат жасау (Ecotounsm Society, 1994).

Экотуризм-бұл табиғи туризмнің экологиялық тұрақты нысаны, ең алдымен жабайы табиғаттағы өмір сүруге және оны тануға бағытталған, этикалық нормаларға сәйкес қоршаған ортаға, тұтыну мен шығындарға әсерін барынша азайтатындай бағдарланған, әдетте туризмнің мұндай нысаны қорғалатын аумақтарда дамып келеді және осы аумақтарды сақтауға үлес қосуға бағытталған (Fennell, 1999).

Табиғат пен қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасындағы тірі жанды тану және оны табиғатпен бірге тамашалайтын жоспарлы және ұйымдастырылған туризм бұл қызмет түрі қоршаған ортаның нашарлауына әкеп соқпайды, табиғи ресурстарды қорғауға қолдау көрсетеді және жәрдемдеседі, жергілікті халықтың әлеуметтік топтарының көп бөлігіне жететін және тұрақты “көлденең” дамуға ықпал ететін экономикалық артықшылықтар жасайды, сонымен қатар осы экотуризм адамдар мен табиғат үшін әділдікке ие болады (Evans-Pritchard, 1992).

Экологиялық туризмнің негізін қалаушы Й. Крипендорфтың анықтауы бойынша, физикалық және рухани демалысты ұзақ уақыт қамтамасыз ету үшін көптеген адамдар тікелей ландшафтпен қатынаста болулары қажет. «Жұмсақ туризм» атауының қалыптасу нәтижесінде, мынандай кәсіптің түрлері пайда болды: тыныш, техникасыздандырылған жұмыстар, бұл дегеніміз – жаяу, велосипедпен немесе атпен серуендеу, суда жүзу, шаңғымен сырғанау және тағы басқалары (Teegoovengadam, 2019).

Экологиялық туризмді Жібек жолы бойында, яғни Қазақстан аумағында дамытудың барлық мүмкіндіктері бар. Экотуризмді Қазақстанда «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік инфрақұрылымы мен туристік кластер арқылы дамытуға болады. Негізінен бұл жолды «Жаңа Жібек жолы» деп те атайды (Жумагулова, 2015). Бұл жобаны іске асыру Қазақстан мен Орта Азия үшін көптеген мүмкіндіктер береді:

1) Ежелгі сауда жолдары жаңа бағыт-бағдар алып, инфрақұрылым дамиды. Бұл жоба «Жаңа Ұлы жібек жолы» яғни «Батыс Қытай-Батыс Еуропа» көлік дәлізі ғана болып қана табылмайды, сонымен қатар, осы бастама арқылы автомобиль жолдары, теміржолдар, құбыр жолдары және тағы басқа салалар жаңарады, қайта жаңа кейіпке енеді (Пірназар, 2010).

2) Жібек жолы – бұл ұқыпты стратегиялық жоспарлауды талап ететін күрделі көп жақты жоба. Жаңа Жібек жолы – бұл ежелгі маршрут бойындағы жай ғана құрылыс жолы емес, тиімді ынтымақтастық үшін ең жоғарғы деңгейдегі қолайлы жағдайда құруды толық жетілдіру заңнамасы, сонымен қатар елдер-қатысушылар арасындағы өзара түсіністік жетістіктері үшін шебер дипломатия (Nair, 2019).

3) Жібек жолы жүйесін қайта жандандырып, қалпына келтіру тек Қытайдың батыс аудандары үшін ғана емес, Қазақстан және Орталық Азия мен Шығыс Еуропаның басқа да елдері үшін маңызды болып табылады. Бұл континент ішіндегі аймақтар үшін жаһандық ықпалдастықтағы бірден-бір, тіпті жалғыз ғана мүмкіндік болуы мүмкін. Жібек жолын қайта жаңғырту оның бойында орналасқан барлық елдердің экономикасына өзгеріс алып келетіні сөзсіз (Султанов, 2015).

4) Ұлы Жібек жолы бізді ежелден байланыстырып келе жатқан әлемнің барлық аймақтарымен белсенді түрде байланыс жасайтын магистралға айналды. БҰҰ Бас Ассамблеясының туризм, сауда, ғылым, мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты тереңдету үшін маңызды құрал ретіндегі ежелгі жолды жандандыру үшін идеяны қолдай отырып, туристік инфрақұрылымды дамытудың нақты жобаларын қалыптастыру (Нұрланбекова, 2011).

Осы артықшылықтарды ескере отырып, экономикалық тұрғыдан алғанда «Жаңа Ұлы Жібек жолы» Қазақстан үшін өте пайдалы болмақ.

Көне керуен іздері қазіргі Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарын кесіп өтеді. Аталған өңірлердің барлығы жаңадан төселген «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» магистралімен байланысты. Оларда алты ұлттық парк орналасқан.

Ең танымалылары Алматы облысындағы «Алтын Емел» және «Іле-Алатау ұлттық паркі», «Тамғалы Тас» жартаc суреттері, Шарын шатқалы, «Әнші құмдар», «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығы, «Ақсу-Жабағылы» мемлекеттік табиғи қорығы көрнекті болып та-

былады. Экотуризмді дамыту үшін «Іле-Балқаш кемелер жарысы» сияқты іс-шаралары жиі ұйымдастырылып отырылады.

Қызылорда облысында орналасқан Қамбаш көлі – экотуризмді дамытуға қолайлы аймақ. Арал ауданы, Қамыстыбас елді мекенінде орналасқан бұл көлдің суы мөлдір әрі емдік қасиеті мол. Қамбаш көлінің тағы бір ерекшелігі – «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автокөлік трассаның бойында орналасқандығы болып отыр. Яғни, Ұлы Жібек жолының Қазақстандық бөлігінде орналасқан экотуризм үшін таптырмас аймақ.

Жалпы, экотуризм бағыты бойынша Қазақстан өте қызығушылық тудырады. 2014 жылы Жібек жолы бойында орналасқан Оңтүстік Қазақстанның табиғаты ерекше қорғалатын объектілеріне 18,6 мың адам келді. 2017 жылы – 25,6 мың адам. Өсім 40% құрады. Бұл көрсеткіш Ұлы Жібек жолындағы Оңтүстік аймаққа

қызығушылықтың жоғары болғанын көрсетеді.

Іс жүзінде табиғаты бүлінбеген кейпінде сақталған аймақтардың саны мен ерекшелігі Қазақстанды экотуризм мақсатында саяхаттайтын туристерді ерекше қызықтырады. Себебі, ЮНЕСКО-ның құрамына енген Орталық Қазақстан далалары мен көлдері, ландшафттар, флора мен фаунаының әр түрлілігі бойынша Альпы ауданынан қалыспайтын Қазақстанның оңтүстік-батыс құла далалары. (Біржан, 2016). Негізінен Қазақстанның қай аумағын алмасақта, экотуризм дамыту мүмкіндіктері орасан зор және қазіргі таңда оның орталықтары қалыптасып та ұлгерген. Республиканың әр өңірі экотуризмді дамыту үшін бірегей табиғи ресурстарға ие.

Нәтижелер және оларды талқылау

Авторлардың берген анықтамаларына сүйене отырып экотуризмнің жіктелмесін ұсынуға болады (1-кесте).

1-кесте. Экологиялық туризмнің жіктелмесі

Жіктеу белгілері	Экотуризм түрлері
Объектілері бойынша	- табиғи және табиғи-антропогендік ландшафттар; - жануарлардың, сүтқоректілер мен құстардың биологиялық түрлері; - мәдени, этнографиялық, археологиялық және тарихи көрікті жерлер; - экзотикалық өсімдіктер қоғамдастықтары мен биоорталықтар.
Саяхаттың ұзақтығы бойынша	- қысқа мерзімді; - ұзақ мерзімді.
Саяхат мақсаты бойынша	- ғылыми экотуризм; - танымдық экотуризм; - рекреациялық экотуризм: пассивті және белсенді.
Экотурға қатысушылардың құрамы бойынша	- қатысушылардың жасы бойынша: балалар мен ересектер; - қатысушылардың денсаулық жағдайы бойынша: шектеулермен және шектеусіз; - топтардың саны бойынша: шағын және үлкен;
Өткізу орны бойынша	- ерекше қорғалатын табиғи аумақтар шекараларындағы және “жабайы” табиғат жағдайларындағы экотуризм; - ерекше қорғалатын табиғи аумақтар шекарасынан тыс, мәдени немесе мәдени ландшафт кеңістігінде экотуризм.
Қызмет түрі бойынша	- экологиялық білімге оқыта отырып, «жабайы» немесе «мәдени» табиғатты бақылау және зерделеу; - эмоциялық, эстетикалық мақсаттармен табиғат ортасындағы демалыс; - табиғи факторлармен емдеу; спорттық және шытырман оқиғалы мақсаттармен турлар.
Көлік түрлері бойынша	- су туризмі; - жаяу жүргіншілер; - шаңғы; - ат; - велосипед; - көлік; - авиациялық.

Бұл жіктелу экотурлардың басты мазмұнды және ұйымдастырушылық ерекшеліктерін анықтауға арналған. Оларды жоспарлау және өткізу кезінде орынды болып табылады. Мысалы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА) шекарасында экологиялық турларды ұйымдастыру күзетілетін аумақтар режимімен ұйғарылатын туристердің қатаң тәртіп ережелерін сақтауға жауапты кәсіби гидтердің міндетті түрде қатысуын

талап етеді. Осындай ұйымдастырушылық ерекшеліктерін ескере отырып, Ұлы Жібек жолында экотуризмнің көптеген түрлерін ұйымдастыруға болады. Атап өткеніміздей, Қазақстан аумағында экотуризмді дамытудың мүмкіндігі жоғары болып табылады. Ұлы Жібек жолында Қазақстан аумағында экотуризмнің жай-күйі мен даму перспективаларын анықтау үшін SWOT-талдауын жүргізу қажет (2-кесте).

2-кесте. Ұлы Жібек жолы бойында экологиялық туризм дамуының SWOT- талдауы

Артықшылықтары	Кемшіліктері
<ul style="list-style-type: none"> - табиғи қорларға бай болуы; - туристерге көрсететін нысандардың баршылығы (көрнекті орындар); - әр елдің мәдени жағымен танысу; - халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы: өмір сүру жағдайының жоғарлауы, халықтың білімділігі мен көзқарастарының дамуы; - инфрақұрылым жағдайының дамуы; - автотуризм, велотуризм, салт атты туризм сияқты туризм түрлерін дамыту; - көрші мемлекеттермен достық әрі саяси қарым-қатынас орнату; - денсаулығына жағымды әсер ету. 	<ul style="list-style-type: none"> - осы бағытқа мемлекеттік қолдаудың арнайы жоқтығы; - мезгілдік саяхат жасауға баратын аймақтарға байланысты (қыста солтүстік аймақтарда қауіпсіздік ретінде, мұзтайғақ болғанда жолдарды жауып тастайды); - тілдік кедергі: аудармашылардың жетіспеушілігі, халықтың көпшілігінің халықаралық қатынас тілі болатын ағылшын тілін білмеуі.
Мүмкіндіктері	Кедергілер
<ul style="list-style-type: none"> - осы бағытты дамыта отыра, жаңа және бәсекеге қабілетті отандық турөнімдерді жасау; - туристерге қызмет көрсетуге жаңа инновацияларды енгізу; - әлемге Қазақстандағы туризмді насихаттау; - инвестицияларды тарту. 	<ul style="list-style-type: none"> - экономикалық кризистің қалыптасуы; - табиғи апаттардың болу мүмкіндігі; - саяси мәселелердің туындауы: мемлекет аралық келіспеушіліктер.

Бұл SWOT-талдауына сүйене отырып, Қазақстан Республикасында оның ішінде Ұлы Жібек жолы бойында экотуризмді дамытудың артықшылықтары мен мүмкіндіктері көп екенін аңғаруға болады. Кез келген бастама іс-әрекетте кемшіліктер мен кедергілер болуы мүмкін, бірақ алға қойылған жоспарлар мен мақсаттар арқылы тарихи жолда экотуризмді дамытудың маңызы зор.

SWOT талдау Қазақстанда табиғи және рекреациялық ресурстардың болуы, яғни туристер үшін көрнекті жерлердің болуы экотуризмнің дамуына оң әсерін тигізетіндігін көрсетті. Тарихи және мәдени ескерткіштердің болуы туристік маршруттарды туристер үшін тартымды етеді. Экотуризмді Ұлы Жібек жолы бойында дамыту елдің мәдениетімен туристерді таныстырудың бірден бір жолы әрі халық дәстүрлерін әлем халқына насихаттаудың бір бағыты.

Туризмді дамыту арқылы, оның ішінде экотуризмді дамыту көптеген елдердің алдына Қазақстан бейнесін қалыптастырып, достық қарым қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Жалпы Қазақстан визасыз 60-тан аса мемлекетті қабылдай алады. Яғни, бұл басқа елдермен дипломатиялық достық қарым қатынаста екенін көрсетеді және туристер үшін саяхаттарын жеңілдетеді.

Алайда, экотуризмді дамытуда шешімді талап ететін мәселелер бар. Мемлекет тарапынан белгілі бір деңгейде көңіл бөлініп жатқан жоқ. Мезгілдік саяхат жасауға баратын аймақтарға байланысты экотуризм мақсатында саяхаттаушылар үшін мезгіл маңызды факторлардың бірі болып табылғандықтан, қиындықтар туындауы мүмкін.

Шетел туристерімен тікелей байланыс жасағандықтан, әлемге ортақ тілді шетел тілін

(ағылшын) білмеу кедергі келтіруі мүмкін, яғни гид пен экскурсоводтардың, қосымша қызмет ұсынатын қызметкерлердің жетік меңгермеуі экотуризмді қарқынды дамытуда тежеуі мүмкін.

Экотуризмді дамыту мақсатында Ұлы Жібек жолы бойында бәсекеге қабілетті өнімдерді ұсынуға болады. Әр ел өз ерекшеліктерін қосып, турларды жаңа кейіпте дамыуды көздейді. Сонда ұлттық өнімге деген сұраныс артады. Сол сияқты біздің елде де ұлттық өнім жасап туристерді тартуға мүмкіндік бар.

Инфрақұрылым үшін ақшаны инвестициялау керек. Әсіресе, көліктік сфераны дамыту туристерге Қазақстанға саяхат жасауға мүмкіндік береді. Төмен тарифтер біздің елге туристерді тартуды көбейтеді. Қазақстан Республикасы туралы жағымды имиджін қалыптастырып, өз аумағына туристерді көп тартуға мүмкіндік сылайды.

Кез келген бағдарлама немесе жобаны жүзеге асыруда, экономикалық жағдай әсер етуі мүмкін. Кез келген туристік бағытты дамыту үшін экономика тұрақты болу керек. Негізінен, елде саяси, экономикалық және әлеуметтік факторлар экотуризмнің ары қарай дамуына әсер етеді. Қолайлы саяси-әлеуметтік және ішкі экономикалық жағдай болғанда, экотуризмнің дамуы өз қарқынын жоғалтпайды.

SWOT талдау нәтижесі бойынша, Қазақстанда Ұлы Жібек жолы бойында экотуризмді дамытудың артықшылықтары мен мүмкіндіктері жоғары. Сонымен қатар ол ең алдымен ішкі туризмді дамытудың бірден бір жолы болып табылады. Яғни, елге келетін туристтердің санын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл ел ішіндегі инфрақұрылымның дамуы мен жұмыс күшінің біліктілігін арттырудың таптырмас жолы. Сондықтан экотуризмді Қазақстан аймағында дамыту, ел үшін пайдасы орасан зор болып табылады.

Ұлы Жібек жолында экотуризм мақсатымен саяхаттайтын туристердің негізгі ағынын Air Astana ұлттық әуе тасымалдаушысы ұсынатын «Stopover Holidays» бағдарламасының негізінде тартуға болады. Яғни, транзитті аймақта ұшу аялдмасын жасайтын жолаушылар үшін аз уақытта Ұлы Жібек жолымен экотурларды ұйымдастыруға мүмкіндік бар. Бұл бағдарлама Қазақстанға визасыз режимде келетін елдер үшін өте тиімді болып табылады. Жалпы бағдарламаны 2016 жылы – 4000 адам, 2017 жылы – 8200 адам, 2018 жылы – 17000 адам қолданған. Бұл Қазақстандағы ішкі туризмді дамытуға үлес қосатын потенциалды туристер болып табылады. Қазақстанның ұлттық тасымалдаушысы,

Air Astana «Stopover Holidays» бағдарламасы шеңберінде жолаушылар Нұр-Сұлтан мен Алматыда құны тек 1\$ құрайтын қонақ үй ала алады. Яғни, Stopover Holidays халықаралық транзиттік жолаушыларға арналған. «Stopover» пакетіне қонақ үйге орналастыру, таңғы ас, әуежайға трансфер, тегін SIM-карта, маусымға байланысты әр түрлі экскурсиялар, сондай-ақ Нұр-Сұлтан мен Алматының үздік мейрамханаларында қызмет көрсету кіреді. 1\$ баға тек бірінші түн үшін ғана жарамды. Егер де саяхаттаушы тағы да қалатын жағдай болса, онда бағдарлама бағасы 65\$-дан басталады. Бұл бағдарлама Қазақстандағы Ұлы Жібек жолындағы маңызды аралықты қамтитын Алматы қаласында жүзеге асқандықтан, экотурларды ұйымдастырып, туристерді аз уақыт аралығында қызықты саяхат ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жібек жолы әлемдік деңгейдегі үздік брендтердің бірі болып табылады, ал барлық жол бағыттары бойынша туристік ресурстарды дамытуды бақылау және жоспарлау, ежелгі тарихи жол арнадағы елдердің әлемдік мәдени мұрасын жандандыру және сақтау болып табылады. Жібек жолы экотуризм бойынша әр түрлі туристер саяхаттайтын қызықты маршруттар жасауға болатын аймаққа айналуы мүмкін. Ұлы Жібек жолының тарихи және мәдени мұрасының қазақстандық *жер телімі* – туризм индустриясын дамытудың тұрақты факторы.

Жібек жолы жол торабыда және Қазақстанда саяхатшыларды өзіне тарту үшін барлық мүмкіншіліктер мен артықшылықтарға ие. Экологиялық туризм халықаралық сатыда қажетті және тез дамып келе жатқан туризмнің түрінің бірі болуына байланысты, оны Қазақстанда мемлекеттік қолдау арқылы одан ары дамыту қолға алынуы керек. Жібек жолы бойында экотуризмнің дамуына әсер ететін негізгі факторлар:

- инфрақұлымды дамыту;
- Ұлы Жібек жолы бойында экотуризмнің орталықтарын құру;
- экотуризмге туристерге қызықты болатындай сұраныс тудыру;
- әртүрлі турлар ұйымдастыру;
- саяси тұрақтылық.

Ұлы жібек жолы жобасы Қазақстан үшін халықаралық нарыққа шығу үшін бірден-бір мүмкіндік береді және аймақтарға инвестицияны тартудың мықты құралына айналады. Соны-

мен қатар, берілген жобаның маңызды құрамы транспорттық байланыстар мен туризм болады.

Қазіргі кезде дүниежүзі бойынша туризм әлем экономикасының маңызды саласы болып табылатын белгілі, сондықтан Жібек жолын қайта жаңғырту маңызды мәселелердің бірі болып табылады (Түрік тілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы Кеңесінің IV саммиті, 2017).

Ертеде жібек жолының дамуы әртүрлі мемлекеттердің керуен жолдарын бақылау үшін гео-

саяси күреске байланысты болса, бүгін де сол аса қатты өзгерген жоқ: геосаяси тұрақтылық сол қалпы маңызды рөл атқарады. Тек, Ұлы Жібек жолының даму мақсаты өзгерді. Егер бұрын Ұлы жібек жолы бойы көшіп – қону мақсаты сауда болса, бүгін көршілес өзара қатынас негізінде туризмді дамыту болып табылады (Малдыбек, 2015).

Осы факторларға сүйене отыра, Ұлы Жібек жолы бойында экотуризмнің дамуына зор мүмкіндіктер бар екенін айтуға болады.

Әдебиеттер

«AIR ASTANA» әуекомпаниясының жылдық есебі, 2018 ж.

Air Astana предлагает бесплатный отель при пересадке в Алматы или Астане [Электронды ресурс]: URL: //https://cariverga.com/air-astana-stopover-holidays-free-hotel

Ecotourism Society (1994) [Электронды ресурс]: URL:// http://enfagh.tk/news/ (кірген уақыты: 12.01.2019).

Evans-Pritchard, D. and Salazar, S. (1992), «What is Ecotourism?» Eco-Institute of Costa Rica and ULACIT [Электронды ресурс]: URL://http://enfagh.tk/news/ (кірген уақыты: 12.01.2019).

Fennell, D (1999) Ecotourism Routledge [Электронды ресурс]: URL://http://enfagh.tk/news/ (кірген уақыты: 12.01.2019).

Nair, H.K.R. (2019), «Welcome to the new silk road», Journal of Wound Care Volume 28, p. 53. [Электронды ресурс]: URL:// https://www.scopus.com/record/display.uri?eid

Teeroovengadam, V. (2019), “Environmental identity and ecotourism behaviours: examination of the direct and indirect effects”, Tourism Review, Vol. 74 No. 2, p. 280-292 [Электронды ресурс]: URL:// https://www.emerald.com/insight/content/doi/10.1108/TR-11-2017-0190/full/html

Байпаков К. М. Великий Шелковый путь на территории Казахстана. – Алматы: Адамар, 2007.

Біржан С. Батыс пен Шығысты жалғайтын ерен жоба. Изд. «Егемен Қазақстан», – Алматы. – 2016.

Гельдыев Б.В., Огарь Н.П. Природные условия, экономические особенности проектной территории”. – Алматы, 2007.

Жана Жібек жолы Қазақстанға әлемдік нарықтарға қолжетімділіктің бірегей мүмкіндіктерін ашады [Электронды ресурс]: URL:// https://primeminister.kz/kz/news/ (кірген уақыты: 17.01.2019)

Жумагулова, Б. Возрождение «Шелкового пути» и казахстанско-китайское сотрудничество. //Экономист. - 2015. - № 2.

Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар [Электронды ресурс]: URL:// http://emirb.org (кірген уақыты: 19.01.2017).

Құлманова Г.Ә., Беркінбай О., Әбеуов Х.Б., Акоев М. «Экологиялық туризм» оқулық, Алматы 2013ж.

Малдыбек А. Ж. Ұлы Жібек жолы және өркениетаралық байланыстардың кейбір аспектілері. //ПМУ хабаршысы. – 2008. - №2.

Малдыбек З. Ұлы Жібек жолы және өркениетаралық байланыстардың кейбір аспектілері (2008) [Электронды ресурс]: URL://http://www.library.psu.kz (кірген уақыты: 12.01.2019).

Мнение о «Новом Шелковом пути» из Казахстана [Электронды ресурс]: URL://http://east.terra-america.ru/novy-shelkovy-put-eto-nezavisimost-ot-rossii-i-kitaya.aspx (кірген уақыты: 18.01.2019).

Нұрланбекова Р.Б. (2011) Ұлы Жібек жолы және туризм [Электронды ресурс]: URL:// http:// lib.nkzu.kz (кірген уақыты: 16.01.2019).

Обзор и критика концепций иностранных авторов [Электронды ресурс]: URL:// http://east.terra-america.ru/new-silk-way-success.aspx (кірген уақыты: 18.01.2017).

Общие недостатки модели «Нового Шелкового пути» [Электронды ресурс]: URL:// http://east.terra-america.ru/v-shelkovom-turike-bez-irana.aspx (кірген уақыты: 18.01.2019).

Пірназар С. “Ұлы жібек жолының” бойымен салынып жатқан “Батыс Еуропа-Батыс Қытай” дәлізі құрылысының қарқыны жақсы (2010) [Электронды ресурс]: URL://lib.nkzu.kz (кірген уақыты: 15.01.2019).

Развитие экотуризма в Казахстане как наиболее перспективного вида туризма в Казахстане [Электронды ресурс]: URL:// https://studbooks.net (кірген уақыты: 10.01.2019).

Султанов Б.К. Экономический коридор Шелкового пути в условиях современных геополитических реалий. – Алматы: Исследовательский институт международного и регионального сотрудничества при Казахстанско-Немецком университете, 2015. – 132 с.

Транспортные коридоры Евразии: новые пути сотрудничества/ред. Е. Т. Карин. – Алматы, 2015.

Түрік тілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы Кеңесінің IV саммиті [Электронды ресурс]: URL:// www.akorda.kz (кірген уақыты: 15.01.2019).

Хаджи Д.А. Шелковый путь и история становления многоконфессиональности Казахстана. – Алматы: Евразия, 2013.

Храбовченко, В. В. (2004) Экологический туризм. – 44 с.

Шашкова О. Мельник Ю. Туризм на Шелковом пути (2010) [Электронды ресурс]: URL://http://lib.nkzu.kz (кірген уақыты: 16.01.2019).

References

- «AIR ASTANA» auekompaniyasynyn jyldyk esebi 2018 j.
- Air Astana predlagaet besplatnyi otel pri peresadke v Almaty ili Astane [Air Astana offers a free hotel for transfers in Almaty or Astana] [Elektronnyy resurs]: URL: //https://cariverga.com/air-astana-stopover-holidays-free-hotel (kirgen uakyty: 20.01.2019)
- Baipakov, K.M. (2007) Velikiy Shelkovyi put' na territorii Kazakhstana [The Great Silk Road in Kazakhstan]. – Almaty: Ad- amdar.
- Birzhan, S. (2016) Batys pen Shygysty zhalaytin yeren zhoba [A big project connecting the West and the East]. “Egemendi Kazakhstan”. – Almaty.
- Ecotourism Society (1994) URL:// http://enfagh.tk/news/ (кірген уақыты: 12.01.2019).
- Evans-Pritchard, D. and Salazar, S. (1992), «What is Ecotourism?» Eco-Institute of Costa Rica and ULACIT [Electronic re- source]: URL://http://enfagh.tk/news/ (кірген уақыты: 12.01.2019).
- Fennell, D (1999) Ecotourism Routledge [Electronic resource]: URL://http://enfagh.tk/news/ (кірген уақыты: 12.01.2019).
- Geldyev, B.V., Ogar, N.P. (2007) Natural conditions, economic features of the project area [Natural conditions, economic fea- tures of the project area]. – Almaty.
- Hadzhi, D.A. (2013) Shelkovyi put' I istoriya stonovleniya mnogokonfessional'nosti Kazakhstana [The short course and the history of multinational confession of Kazakhstan]. – Almaty: Eurasia.
- Hrabovchenko, V.V. (2004) Ekologicheskii turizm [Ecologic tourism]. – 44 p.
- Kazakhstan erekke korgalatyn tabigi aumaktar Protected areas in Kazakhstan [Electronic resource]: URL: // http://emirb. org (accessed on 19.01.2017).
- Kulmanova, G.A., Berkinbay, O., Abeuov, Kh.B., Akoyev, M. (2013) Ecologiyalyk turizm [Ecological Tourism]. – Almaty.
- Maldybek, Z. (2008) Uly Jibek joly jane orkenietaralyk bailanystaryndyn keibir aspektileri [The Great Silk Road and some aspects of inter-civilization relations] Bulletin of PSU. - No. 2.
- Mnenie o Novom Shelkovom Puti iz Kazakhstana [Opinion about the “New Silk Road” from Kazakhstan] [Electronda re- source]: URL: // http://east.terra-america.ru/novy-shelkovy-put-eto-nezavisimost-ot-rossii-i-kitaya.aspx (accessed: 01/18/2019).
- Nair, H.K.R. (2019), «Welcome to the new silk road», Journal of Wound Care Volume 28, p. 53. [Electronic resource]: URL:// https://www.scopus.com/record/display.uri?eid
- Nurlanbekov, R.B. (2011) Uly Zhibek zholy jane turizm [The Great Silk Road and Tourism] [Electronic Resource]: URL: // http: // http://lib.nkzu.kz (Accessed: 16.01.2019).
- Obwie nedostatki modeli Novogo Shelkobogo Puti [General shortcomings of the New Silk Road model] [Electronic resource]: URL: // http://east.terra-america.ru/v-shelkovom-tupike-bez-irana.aspx (accessed: 18.01.2019).
- Obzor I kritika konsepsii inostrannyh avtorov [Review and criticism of the concepts of foreign authors] [Electronda resource]: URL: // http://east.terra-america.ru/new-silk-way-success.aspx (accessed: 01/18/2017).
- Pirnazar S. (2010) Uly Jibek jolynyn boiymen salynyp jatkan Batys Europa-Batys Kytai dalizi kurlysynyn karkyny jaksy [West- ern Europe-Western China Corridor Construction on “Great Silk Road”] [Electronic resource]:URL:http://lib.nkzu.kz (accessed on 15.01.2019).
- Razvitiye ecoturizma v Kazakstane, kak naibolee perspektivnogo visa turizma v Kazakstane [Development of Ecotourism in Kazakhstan, as the most perspective tourism in Kazakhstan] [Electronic resource]: URL: // https://studbooks.net (accessed on 10.01.2019).